

**Қазақстан Республикасының 2007 жылғы N 319 "Білім туралы" заңының талаптарының аудан көлемінде орындалу барысы және заңды жүзеге асырудағы алда тұрған міндеттер жөнінде**

Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихатының 2009 жылғы 14 қазандағы N 205-XXII шешімі. Атырау облысы Әділет департаменті Құрманғазы ауданының әділет басқармасында 2009 жылғы 13 қарашада N 4-8-166 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 "Білім туралы" заңының 6-бабының талаптары негізінде аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Аудандық білім беру бөлімінің меңгерушісі Б. Хасеноваға "Білім туралы" заңының талаптарын сақтап, орындауға ауданның педагогика ұжымын жұмылдыру, оның ішінде мемлекет тарапынан көрсетілетін әлеуметтік көмек пен кепілдіктердің толық орындалуын қамтамасыз ету тапсырылсын.

2. Аудандық мәслихатқа, аудандық әкімдікке, ауыл, село әкімдеріне:  
1) білім алушылардың қоғамдық көлікте жеңілдікпен жол жүруі туралы шешім алу;  
2) елді мекендерінде мектебі жоқ білім алушыларды таяудағы мектепке дейін тегін тасу шараларын алу тапсырылсын.

3. Осы шешім Әділет басқармасынан мемлекеттік тіркеуден өткен соң алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізілсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау әлеуметтік сала, заңдылық және құқықтық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссияға (төрайымы - Р. Габдушева) жүктелсін.

*Аудандық Мәслихаттың кезектен  
тыс XXII сессиясы төрағасының  
міндетін атқарушы, аудандық  
мәслихат хатшысы Р. Сұлтанияев*